



АҚШ президенті Б.Обама мен Куба көшбасшысы Р.Кастро. Гавана, 2016 жыл.

Жоғарыда көрсетілген фото-бейне материалдарды талдай келе, қарым-қатынас кезіндегі бейвербалды амалдар саясат сахнасында маңызды орын алып, дипломаттар жайлы кең мағлұмат беретініне көз жеткіздік. Сондай-ақ бейвербалды коммуникация ұлттық болмыс пен мәдени ерекшеліктерге байланысты әртүрлі болатынын аңғардық. Сондықтан болар, бұл ерекшеліктер саясаткерлердің де қызметі барысында байқалып, саяси өмірде көрініс береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Большая Советская Энциклопедия [Электронный ресурс]
URL: <http://bse.sci-lib.com> (қаралған күні: 11.09.2016).
2. Пеке А. Рассуждение об искусстве переговоров / пер. с фр. Л. Сифуровой. – М.: Научная книга, 2004. – 192 с.
3. «Глобус Украины» порталы. - <http://zaua.org/> (Соңғы қаралған күні: 11.09.2015).
4. Youtube [Ғаламтор ресурсы].- www.youtube.ru . – Кіру режимі: еркін. (Соңғы қаралған күні: 12.09.2016).
5. The Daily Mail - <http://dailymailnews.com/> (Соңғы қаралған күні: 13.09.2016).

АДАМ АТА ЖӘНЕ ХАУА АНА АҢЫЗЫНЫҢ МИФОЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ИНТЕРПРЕТАЦИЯСЫ

*Хасенов Б.Р., ғылым магистрі, оқытушы,
Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ*

Тіл – халық өмірінің айнасы. Тілде халықтың тарихы, салт-дәстүрі, өнегесі, тәрбиесі көрініс береді. Қазіргі таңда тілді зерттеуде лингвистика ғылымында әр түрлі бағыттар қалыптасты. Мысалы, этнолингвистика саласы тілімізде қалыптасқан мақал-мәтелдердің, тұрақты сөз тіркестерінің пайда болу мотивтерін халықтың салт-дәстүрімен, ата кәсібімен байланысты қарастырады. Бір ғана мысалмен көрсететін болсақ, ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің деген сөздің тәрбиеге қатысты айтылатынын баршамыз білеміз. Алайда бұл сөздің қалай пайда болғандығын көбіміз біле бермейтініміз аян. Бұрындары аңшылар бүркіттің балапанына түлкінің, қоянның, т.б. етін әдейі апарып, оны сол құстың не аңның етімен жемдеген. Себебі бүркіт осы аңдардың кейбіреуін ұстап, балапынын қоректендірмеуі мүмкін. Ал қоянның не басқа аң-құстың етін жемеген балапан оны ешқашан ауламаған. Осыны білген аңшылар балапанды кішкентайынан әр түрлі аң-құстың етімен баулыған. Сонда ұяда көргенін ұшқанда іліп отырған. Бұл сөз кейін адамға қаратыла айтылып, әу бастағы мағынасы ұмыт болып, тек тұрақты айтылым ретінде тәрбиеге қатыстылығы тілімізде сақталып қалған. Тілдің бұлай талдануы тіл білімінің жаңа бағыттарымен байланысты болып табылады. Қазіргі кезде тіл білімі өзге ғылым салаларымен интеграцияға түсіп, когнитивті лингвистика, психолінгвистика, лингвомәдениеттану, т.б. салалар туындады.

Осы ғылым салаларының жетістіктерін пайдалана отырып, біз тілдегі көптеген проблемаларға дендей аламыз. Осы мақалада Адам ата мен Хауа ана аңыздың кейбір детальдарына тоқталып, қазақ тілінде кездесетін тұрақты сөздердің астарын жаңа салалардың негізінде қайтадан сарапқа саламыз.

Абайдың «Сұрғылт тұман дым бүркіп» атты аударма өлеңінде ақынның өз жанынан қосқан мынадай жолдар бар:

Атанды анаң азғырып,
Тұрғызбаған бейішке,
Алласы оны жазғырып,

Әкелді бастап кейіске. Осы шумақтағы прецедентті атаулар – Ата мен Ана – бірден Адам ата мен Хауа ана аңызын есімізге түсіреді. Абайға бұл мотив

Инжілден енуі мүмкін. Себебі Құранда нақты әйел адамының азғыратындығы туралы ештеңе айтылмаған. Құрандағы кейбір сүрелерде мынадай жолдар кездеседі: «Бұл ағаштың жемісін жеуден тыйюы – Тәңір сендерді періште болып кетпесін, жұмақта мәңгі қалып қоймасын дегеннен басқа түкте емес» («Әғраф» сүресі. 7:12), «Тәңіріміз! Біз өзімізге өзіміз кесір жасадық. Егер бізге өзін кешірім етіп, рақым қылмасаңыз, онда біздің сөзсіз құрығанымыз» («Әғраф» сүресі. 7:23). Алайда нақты Адам атаны Хауа ана азғырғаны жөнінде ештеңе кездеспейді. Ал Инжілде нақты әйелдің азғырғаны көрсетілген: Адаму же сказал: за то, что ты послушал голоса жены твоей и ел от дерева, о котором Я заповедал тебе, сказав: не ешь от него, проклята земля за тебя; со скорбью будешь питаться от нее во все дни жизни твоей; терния и волчцы произрастит она тебе; и будешь питаться полевою травою... (Книга Бытие 3:17,18). Яғни, Абай өлеңінің өрілуінде осы мифологема себеп болған. Абай осы мотивті Инжілден алды, алайда бұл аңыздың көнелігі туралы да пікірлер бар. Осы аңыздың қате түсіндірілуіне назар аударған ағылшын полковнигі Д.Черчвард былайша ойын білдіреді: «На рисунке из накальских текстов изображено дерево, вокруг которого обвился Змей — он окружает дерево. Змея называли Хан; это невидоизмененный Змей, то есть змей как символ вод. Рисунок символически показывает, что Му (Д.Червард Австралия материгінде шашыла орналасқан аралдар бір кездері Му деп аталатын үлкен құрлық болған деп есептеген. Табиғи апаттардың, жарылыстардың нәтижесінде үлкен құрлық кішкене аралдарға айналған – Б.Х.) была окружена водой. Не существовало сухопутных маршрутов, связывавших Му с другими континентами. Змей — это воды, окружающие Му. Вышесказанное четко и доступно объясняет, что такое Древо Жизни и почему вокруг него обвился Змей. В библейской легенде утверждается, что Эдемский Сад (Му) охраняли ангелы с огненными мечами, не позволявшие Адаму и Еве вернуться назад. Ездre (Мұса (Моисей) пайғамбар оқыған символдарды дұрыс интерпретациясын жасамаған – Б.Х.) вновь не удалось правильно прочесть сложные египетские иероглифы. Этот символ означает: Му погружается в огненную бездну. Из-под земли поднимаются языки пламени, окутывающие землю, когда она опускается вниз.

Человек не смог вернуться назад, так как этот континент затонул. Му — она же Эдемский Сад — погибла и была погребена в глубинах вод»[1]. Ағылшын полковнигінің еңбегінде Хауа Иве деп аталған. Бұл еуропа мәдениетінен алыс жатқан абориген аңыздарында сақталған. Және осы аңыздың тарихы шамамен 10000 жылдықты құрайды екен. Хауа ана аңызы мен шумер аңызының да байланысы бар көрінеді (Энкидің қабырғасының ауыратындығы жөніндегі мифологема). Дегенмен уақыт жағынан алғанда семиттіктердікі емес, аборигендердікі екені күмән тудырмайды. Себебі Д.Червард бұл фактілерді ойдан құрамаған, дерек тас тақтайшаларда сақталған. Бұған қарап, аңыздық сюжеттер мәтіннен мәтінге өтіп, интертекст жасайтынын байқауымызға болады. Абай Инжілден алса, Инжілдік мотив шумерлермен, аборигендермен сабақтасып жатыр. К.Юнг осындай ұқсас ортақ мотивтерді архетиптер деп атаған болатын. Архетиптер белгілі бір ұлтқа тән емес бейнелер, ол жалпы адамзаттық бейнелер. Мысалы, жоғарыдағы аңыздық мотивтер қазақтың тілінде де сақталып қалуы мүмкін. Енді осы аңыздағы мифологемалардың қазақ тіліндегі, дәстүріндегі ұқсастықтарына назар аударсақ.

Адам ата мен Хауа ана аңызының жекелеген мифологемалары қазақ сөздерінде де бар. Мысалы, қабырғамен кеңесу сөзі осы аңызбен байланысты туындағаны мәлім. Хауа ананың Адам атаның қабырғасынан жаратылғандығы белгілі. Қабырға мүшесі – әйел затының символы. Қазақ тіліндегі қабырғасы сөгілді, қабырғасы қайысты, қабырғасын қаусатты сөздері әу баста әйел затынан айырылған ердің мұның, қайғысын білдіруі мүмкін. Сонымен қатар, қабырға сөзі қабырғасы қатпаған (қатаймаған), қабырғасы қатып, бұғанасы бекіді деген тұрақты сөз тіркестерінің құрамында келіп, белгілі бір циклдік мағынада (ер жетуін не жетілмегенін) жұмсалады. Біздің ойымызша, осы мәндердің ішінен қабырға әу баста әйелге емес, жасқа қатысты айтылған секілді. Адам қабырғадан жаратылмайтыны белгілі. Адам баласында 12 жұп қабырға бар. Аңызда 12+1, яғни 13 қабырғадан адам баласы жаратылады деген астар бар. Қазақ халқы 13 жаста отау иесі деп ұлын үй қылып,

қызын тұрмысқа беріп, ұзатқан. Неге 13 жаста? Себебі бұл кәміл жас (совершеннолетие) болып есептелінген. Осы жаста адамның физиологиясы өзгере бастайды. Және жыныстық мүше жетіледі. Қазақ халқында 12 мүшесі аман деген сөз қолданыста бар. Сонымен қатар, ұлы мүше деген де ұғым бар. Ұлы сөзде ұят жоқ дейді. Бұл жердегі ұлы мүше деп отырғанымыз – жыныстық мүше. 12 мүше+Ұлы мүше – екеуінің қосындысы 13 санына тең. Яғни, 13 жаста отау иесі атану – 13-ші, яғни жыныстық органның жетілгендігін көрсетеді. Аңыздағы қабырға мотиві де адам баласының 13-ші қабырғадан, яғни ұлы мүшеден жаратылатынын символдаған.

Ал жұмақтан қуылу мотивін былайша түсіндіруге болады: 13-те адам ер жеткенде не бойжеткенде өз үйінен бөлектеніп, басқа отау құрады. Яғни, ата-ананың шаңырағы құтты мекен, балалық шақ, ал сол жерден алыстау, енді келмес, қайтып оралмас жастықты білдіреді.

Хауа ананың алманы, бидайды жұлып алып, содан кейін жапа шегуі туралы мотив «Красавица и чудовище», «Аленкина алый цветок» ертегілеріндегі қызыл гүлді жұлып алуы туралы сюжетті еске түсіреді. Хауа ананың қандай жемісті жұлғандығы емес, бізге маңыздысы оның түсінің қызыл болуында (қызыл алма, қызыл бидай). Қызыл түсі – қыз баланың символы. Ассоциативтік эксперимент жасағанымызда қызыл стимулына қызға қатысты реакция-сөздер берілді. Көркем шығармаларда да қызыл сөзі қыз балаға қатысты айтылатын тұстар біршама кездеседі. Мысалы, М.Әуезовтің «Қорғансыздың күні» әңгімесінде Ғазизаның өлімі қызыл сөзі арқылы берілсе (пейжазды суреттеуі), ал Ә.Кекілбаевтың «Аңыздың ақыры» повесінде қызыл алма арқылы кіші ханымның сатқындығы, опасыздығы беріледі.

Сонда бұл мотивтердегі қызыл түсі неге қызға қатысты? Қыз бен қызыл сөзі бір негізден таралғандығы олардың түбірлерінің бір екендігінен-ақ байқауға болады. Алайда қыз бен қызыл сөзінің байланыстылығын дәлелдеу үшін бұл жеткіліксіз. Аңыздағы Хауа ана қызыл сөзімен тікелей байланысты кейіпкер. Жылан Хауаға келіп, алманы же деп азғырады. Бұл кейіннен жыланды теріс, жағымсыз кейіпкер атануына жол ашты. Мифолог С.Қондыбайдың дәлелдеуінше, арғы қазақтарда жылан культі ерекше рөл атқарған. Мәселен, бағзы бабалардың ордалы жыланның басына сүт құйып үйден шығаруы – жыланға деген үлкен құрметтің болғандығын көрсетеді. Және мифолог Ер Төстік ертегісіндегі Бапы ханды жыланның келбеттенуі деп түсіндіре отыра, оны білімнің символы ретінде интерпретациялайды[2]. Жылан – ішкі білімнің, табиғаттың символы. Сонда жыланның Хауаға келіп, қызыл алманы жегізуі – оның 13 жасқа толғандығын астарлаған. Ал осы жаста қыз баланың физиологиясында өзгеріс болатыны белгілі. Қыз баланың жетілгендігін білдіретін физиологиялық процесс 13 жаста пайда болады. Қазақтың он екі де бір гүлі ашылмаған деген сөзінің де осы аңыздық сюжетпен тікелей байланысты.

Адам сөзінің тарихына көз жүгіртетін болсақ, көне еврей тілінен аударғанда «топырақ» және «қызыл» дегенді білдіреді. Яғни, еврейлік адам сөзі қызыл, топырақ сөзімен түбірлес. Құранда адамның жаратылуы туралы былай делінген: «Сыңғырлап тұрған кепкен балшықтан тиісті мүсінге келтіріп, адамды Біз топырақтан жараттық» (Құран Кәрім, «Һижір» сүресі. 15:26), «Адамды Ол ұйыған қаннан жаратты» («Алақ» сүресі, 96:2), «Біз сендерді (Адам атаны) әуелі топырақтан жараттық. Оның нәсілін (рухтан) жыныстық тамшыдан, кесек еттен (кұрап) жараттық. Біз мұны тектеріңді білу үшін айтып отырмыз» («Хаж» сүресі. 22:5). Р.Генон «Несколько замечаний относительно имени Адам» деген еңбегінде былай деп жазған: «...в буквальном смысле имя Адам означает «красный» и что в этом обстоятельстве можно увидеть одно из свидетельств связи древнееврейской традиции с традицией атлантической, которая и являлась традицией красной расы. С другой стороны, наш коллега Артос в своем интересном описании «некоторых тайн крови» рассматривает различные версии происхождения имени Адам: напомнив об обычной интерпретации, согласно которой это имя означало бы «извлеченный из земли» (адама), он спрашивает, не могло ли оно произойти скорее от слова дам, «кровь», хотя в действительности между этими версиями нет существенного различия, поскольку оба эти слова происходят из одного и того же корня...

... если вернуться к более частному по своему характеру вопросу о соответствии имени Адам красной расе, то кажется почти невозможным, несмотря на наличие красного цвета и там, и там, согласовать это соответствие с доминирующей ролью крови в общей конституции организма, поскольку кровь, как и сангвинический темперамент, предполагающий доминирование крови, соответствуют элементу огня, а не земле (ерекшелеген біз –Б.Х.); существует черная раса, которая и соответствует элементу огня так же, как она соответствует югу среди других сторон света. [3http://

rumagic.com/ru_zar/sci_philosophy/genon/f/j7.html].

Біз Р.Генонға дейін де адам сөзінің отқа қатыстылығын байқағанбыз. Дегенмен осындай пікір айтылғаннан кейін оны келтіру орынды деп есептедік. Қазақ тіліндегі от сөзі мен шумерлік күн тәңірі Уду сөзінен тұлғалық та, мағыналық та жақындықты көруге болады. От немесе Уд (т~д сәйкестігі: теңіз~дениз) сөзі күнге, жылуға қатысты. Бұлармен көне египеттік Атум да төркіндес. «Атум, в египетской мифологии божество угасавшего солнца, демиург, возглавляющий гелиопольскую эннеаду, один из древнейших богов. Во многих древнеегипетских текстах Атум называется вечерним или заходящим солнцем. Изображался в виде человека (часто старика) в одеждах фараона с двойной красно-белой короной Верхнего и Нижнего Египта». [<http://godsbay.ru/egypt/atum.html>]. Атум культі Ра культімен ығыстырылған.

От сөзі бірнегізді сөз ретінде қазақ тілінде актив қолданылады. Бұл көне еврейлік адам сөзімен төркіндес. Адам сөзіндегі ад негізі қазақ тіліндегі от тек форма жағынан ғана емес, мазмұн жағынан да ұқсайды. Жоғарыдағы гипотезаларға жүгінсек, адам қызыл дегенді білдіреді, ал оттың түсі қызыл болатыны белгілі. Сол себепті де біз, адам сөзінің түбірін от сөзімен байланыстыра қарауды дұрыс деп санаймыз. Қазақ тілінде от сөзі жерге де қатысты айтылады. Шөбі шұрайлы, шүйгінді жерді қазақ от екен дейді. Отқа қойды (малды шөпке жіберді), оты қашты (жердің шөбі таусылды), отын оттап, суын ішті (біреудің жерін мекендеді) деген сөздер тілімізде бар.

От пен ет сөздері мағыналық жақындығы алшақ болғанымен, олардың түске қатыстылығы жағынан алғанда бір-біріне жақын (қызыл) және дыбыстық алмасуларды ескеретін болсақ, олар (ет-от) бір дыбыстың түрліше айтылуы ғана болып табылады. Қазақ халқының «тісіме қызыл бастырмағалы көп болды» дегені – көптен бері ет жемегендігін білдірсе, аңшылар тілінде бүркітті баптау тәсілін қызылға отырғызу (оны түлету үшін жаңа сойылған малдың сыртына қаны шыққан жас етін жегізу). Сондай-ақ шырғаға тартты, яғни «қыран құсты дәнкірту, қанатын бекіту үшін сүйреткен түлкі терісіне қызыл байлап алдыру әдісі. Қазақ тілінде қызыл көрген қырандай, құстың тартқан қызыл, т.б. тұрақтытіркестер осыған байланысты жасалса керек. «Ет» мағынасында қолданылған қызыл сөзінің негізінде қызылсырау (етті сағыну мағынасында) туынды тұлға пайда болған[4].

Енді адам сөзінің пайда болу табиғатына назар аударсаңыз, осыған дейін адам топырақтан жаратылды деген концепция белең алды. Біздің ойымызша, адам оттан жаратылған.

1. От – жалын. Жылулық, қызыл түсті, өмір.

2. От – жайылым, қазақтар шөбі шүйгін жерді, отты жер деп атайды (Көне аңыздарда Өтүкен деген киелі жер де болған. Тіл заңдылығына сәйкес кей жағдайда ортадағы к дыбысы түсіп те қалады. Өтүкен> Өтен, оның жуан варианты Отан. Бұл сөзбен Эдем, яғни жұмақ деген сөз де байланысты. Иврит тілінде эден сөзі қызыл сары дегенді білдіреді). Қазақ тілінде осы екі ұғым да сақталған. Адам баласы нұрдан, қаннан, топырақтан (қазақта топырағына тарқан деген сөз бар. Топырақтың өзі сынды ғұлама деген жолдар Жүмекенде де кездеседі) жаратылады Қазақ тіліндегі от сөзі осы айтылған барлық ұғымдарды бере алады.

Қорыта айтатын болсақ, біз шағын ғана мақалада мифологемалардың көшіп жүретіндігіне назар аударуға тырыстық. Абай өлеңінде қолданған прецедентті атаулар Інжілдегі аңызбен байланысты. Алайда сол аңыздың тарихы одан да терең және сол сюжеттердің (мифологемалардың) кейбір детальдары қазақ тілінде, дәстүрінде сақталған. Тек сол сөздердің қасиетіне танымдық лингвистика тұрғысынан қарағанда ғана, олардың сол аңыздармен архетиптік байланысы көрінеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1.Черчвард Д. Древний континент МУ. Прародина человечества. Пер. с англ. К. Семенова. - К.: София, 1997. —288 с. — www.e-puzzle.ru

2.Қондыбай С. Арғықазақ мифологиясы. III кітап. – Алматы: Дайк-Пресс баспасы, 2004. - 516 бет.

3.Генон Р. Несколько замечаний относительно имени Адам.3[http:// rumagic.com/ru_zar/ sci_ philosophy/genon/f/j7.html](http://rumagic.com/ru_zar/sci_philosophy/genon/f/j7.html)

4.Қайдаров Ә., Ахтамбердиева З., Өмірбеков Б. Түр-түстердің тілдегі көрінісі. Алматы: Ана тілі, 1992. 160 бет.